

Дали Фолкнер және Джонсон стратегиясын қарастыратын болсақ, олардың тәсіліне сәйкес, "стратегия ұзақ мерзімді қозғалыс бағытын әзірлеумен және кәсіпорын қызметінің ауқымын анықтаумен байланысты. Ол сондай-ақ ұйымның сыртқы орта жағдайларына, әсіресе бәсекелестерге қатысты ұстанымымен тығыз байланысты. Стратегияның міндеті-тактикалық маневрлеу жолымен емес, жалпы ұзақ мерзімді перспективаны қабылдау негізінде барынша мүмкін болатын тұрақты бәсекелестік артықшылығын қалыптастыру" [2].

Кәсіпорын қызметінің стратегиясы нарықтық экономиканың бірыңғай тұтас субъектісі ретінде әзірленеді және іске асырылады. Алайда, әрбір кәсіпорын күрделі көпфункционалды жүйе болып табылады, сондықтан бас стратегияны басқаша атауға болатын кәсіпорын қызметінің стратегиясын функционалды стратегиялардың көмегімен нақтылайды, олар кәсіпорынның жеке бөлімшелері мен қызметтерінің алдында тұрған ерекше мақсаттарына қол жеткізудің нақты жолдарын көрсетеді. Әрбір функционалды стратегияда ол бағытталған белгілі бір нысан бар. Осыған байланысты мынадай функционалды стратегиялар әзірленуі мүмкін:

- маркетинг стратегиясы;
- қаржы стратегиясы;
- инновация стратегиясы;
- өндіріс стратегиясы;
- ұйымдастырушылық өзгерістер стратегиясы және т. б.

Белгілі бір кәсіпорында функционалды стратегиялар жиынтығы кәсіпорын басшылығы алдына қоятын ерекше мақсаттар құрамымен анықталады.

Кәсіпкерлік құрылым стратегияларын тұжырымдауға барынша технологиялық тәсілді И. Ансофф ұсынады, ол стратегияны әзірлеу процесін төрт негізгі шешімге бөледі:

- компанияның өсу векторын, дәлірек айтқанда, оның портфелін анықтау (тауарлар мен нарықтар бойынша);
- компанияның барлық портфеліне тән бәсекелестік артықшылығын анықтау;
- портфельдің синергизмін анықтау;
- портфельдің стратегиялық икемділігін анықтау [3].

Стратегияны әзірлеудің осы төрт бағыты оның мазмұнын, компанияның даму мақсаттарын іске асыру құралы ретінде қалыптастырады.

Кәсіпорынның айқын және жақсы дәлелденген стратегиясы тәуекелдерден құтылуға, өсу әлеуетін іске асыруға, өз ресурстарын тиімді басқаруға, сонымен қатар бизнестің басқарылуын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, кәсіпорын стратегиясы – бұл ұйымның өсуі мен жоғары бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ететін қызмет нормаларының, бағдарларының, салаларының, тәсілдері мен ережелерінің жиынтығы деп қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Катькало В.С. Стратегиялық басқару теориясының эволюциясы: Монография : Менеджменттің Жоғары Мектебі, Баспа үйі: СПбГУ, 2005ж. – 216.
2. Стратегиялық менеджмент: Оқу құралы / М.А. Чернышева 2009ж.
3. Ансофф И. Стратегиялық басқару. – М.: Экономика, 1989. – 520 б.

Қоғабәева Ш.А., 2 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Ғылыми жетекшісі - э.ғ.м., аға оқытушысы Таттымбетова К.Т.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАСҚАРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖЕТІЛДІРУ

Басқару-шешім қабылдау процесі. Қабылданған шешімдер қойылған мақсаттарға сәйкес болуы тиіс. Сондықтан да басқарушы өзінің мақсаттарын анықтаулары және олар нақтылы тұжырымдауы қажет. Бастапқы мақсат қандай болса да, басқару процесі ұйымның рынок жағдайындағы келеңсіз өзгерістердің барлығына төтеп беріп, өмір сүре алатындығының кепілі іспеттес. [1]

Шаруашылық практикасы көрсеткендей, басқару жүйесін жетілдіру, оның жалпы-теориялық мәселелерін дамыту нарықтық экономикасында бірден-бір тиімді жол болып табылады. Сондықтан да басқару жүйесінің деңгейін жаңа сапаға көтеру теориялық және практикалық жұмыстарда басты

орын алады. Барлық басқару жұмыстарын қайтадан құру болмаса, жетілдіру экономикалық дамудың жаңа ырғағын алып келуге септігін тигізеді.

Нарық экономикасы сай басқару жүйенің қалыптасуы өндіргіш күштер мен жаңа өндіріс қатынастарынан туатын объективтік заңдылықтарға негізделген. Басқарудың шешімді проблемаларының бірі-оның ықпалын нарық экономикасының тиімділігін арттыруға пайдалану, рынок механизмдерінің үздіксіз әрекетін қамтамасыз ету. [2]

Соның салдарынан ғылыми-техникалық прогрестің дамуына, ресурстарды үнемдеуге, олардың шығындарын азайтуға мүдделілікті күшейтуге жағдай туады.

Кәсіпкерлік пен бизнес саласында менеджердің орны бөлек. Ол негізінен кәсіпорындағы немесе фирмадағы барлық жұмысты үйлестіріп, соны басқару мәселелерімен айналысады. Ұйымның алдында тұрған кепелі міндеттерді айқындайды. Оның орындалуына бақылау жасайды және тікелей жауап береді.

Ұйымның заңды тұлға болып есептелуіне меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкінің болуы және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беруі қажетті шарт болып табылады.

Қазіргі кездегі басқаруға қойылатын талаптардың негізгі бағыттары олардың даму тенденциялары туралы төмендегідей түсініктеме беруге болады:

1. Басқарудың кәсіптілігін дамыту, яғни теориялық білім мен іскерлікті және тәжірибені ұштастыра білу;

2. Басқаруды демократияландыру-қызметтік орындалу барысымен маңызды мәселелерді шешуге әріптестерді кеңінен тарта білу және басқарушы қызметкерлерді тиімді таңдау мүмкіндігі;

3. Еңбек бөлінісі негізінде басқаруды мамандандыру, сол арқылы басқару еңбегінің арнайы қызмет түріне бөліне отырып басқару персоналының жіктелінуі;

4. Басқаруды шоғырландыру мақсатты орындауға қолданылатын басқару әдістері мен формаларын өзара сәйкестендіру мен үйлестіру;

5. Басқаруды орталықтандыру-қазіргі кездегі өндірістік жүйенің күрделілігінен туындайтын өзіндік басқару мен өкілеттілік, басшылықтық бір органға жинақталуы жөніндегі тиімді аралық қарым-қатынастың орнықтырылуы;

6. Басқару шешімдерінің, көп нұсқалылығы-проблемаларды шешудің ең қолайлы жолын таңдау арқылы қосымша, күттірмеген шығындарға басшылықтық жол бермеуі;

7. Басқару еңбегінің мәдениетін көтеру, яғни басқару әрекетін орындауға моральдық, этикалық, құқықтық нормаларды кеңінен қолдану. [3]

Ұйымдардағы тиімді басқарудың сипатты белгілеріне экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық және ұйымдастырушылық-техникалық тұрғылар жатады.

Экономикалық тұрғы өз құрамында өндірістік процесті басқаруды, көздеген мақсатқа тиімді қол жеткізуді материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын үйлестіруді қамтиды.

Әлеуметтік-психологиялық ұйым алдына қойылған мақсатқа жетуде сол ұйымның барлық қызметкерлерін ұйымдастыру мен басқаруда орын алатын ерекше топтық қызметін белгілейді. Осыған басшы мен бағынышты арасында байланысты реттейтін билік жүйесі, қоғам мәдениеті мен дәстүрін, бағалылықтарын бейнелейтін әлеуметтік функция енеді.

Құқықтық түрдегі басқарудағы мемлекеттік, саяси, экономикалық институттар құрылымын, олардың жүргізетін бағытын, анықтаған, заңдылықтарға кіреді. Ұйымдардың құрылуы, келісім жасау, меншіктік және кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу (монополияға қарсы күрес, салық саясаты, қаржы саясаты) шаралары басқаруда маңызды орын алады. [4]

Ұйымдастырушылық-техникалық тұрғы өз құрамына орын алған жағдайды дұрыс бағалау, міндеттерді тұрақты белгілеу, оған жетудегі стратегияны қабылдау және қажетті ресурстарды реттеу, тиімді жобалау мен ұйымдастыру, бақылау мен ынталандыруды енгізеді.

Қорытындылай келе, басқару шешімдерін ойластыруда қолда бар ресурстар мен қоғамдық қажеттілікке негізделген мақсат ерекше маңызды орын алады және төмендегідей сипатқа ие болады:

1. Мақсат-нақтылы және өлшемді болуы тиіс, яғни анық орындалу барысын бағалаудың мүмкіндігі;

2. Мақсат-белгілі мерзімнен шектелуі тиіс, соған орай мақсаттық, ұзақ, орта және қысқа мерзімде болуы;

3. Ұйым мақсатының сыртқы ортаның әсері мен ішкі мүмкіндіктерге қарай айқын және оған қол жеткізуге болатындай етіп қабылдануы.

Әдебиеттер

- 1.Рахымбаев А.Б, Сабатаева Б.О. Менеджмент «Алматы» 2006-164б
- 2.Абдикеримова Г.И «Кәсіпорын экономикасы» 2017ж
3. Рахметов Б.А. Персоналды басқару «Экономика» 2005-287б
- 4.Мамбетов, Байжомартов «Нарықтық экономиканың негіздері»2017ж

Moldakarimov A.R., master student (Y.A. Buketov Karaganda State University)
Scientific advisor - c.e.s., docent N.N. Gelashvili

CREATING A BASE FOR THE IMPLEMENTATION OF INDUSTRY 4.0 IN KAZAKHSTAN

Annotation. This article discusses the main priorities in the development of high-tech and high-tech industries. The characteristic features of medium and large enterprises as a modern production system, as well as the introduction of digital technologies in production and the gradual transition to international standards of Industry 4.0 are analyzed.

The necessity of adaptation of the state programs on branch directions for stimulation of introduction of digitalization and modernization of productions is revealed and proved. On the basis of the study, the author proposes to develop the necessary measures of state support, in terms of financial incentives for preferential lending and leasing programs, innovative grants, in order to expand and stimulate private sector initiatives in the field of digitalization, as well as to address infrastructure issues.

Keyword. Innovation, innovation system, modern production system, digitalization, Industry 4.0.

High-performance broadband networks are the foundation and driving force in the digitalization process. A key requirement for Industry 4.0 is to upgrade existing communications networks to ensure guaranteed latency, reliability, quality of service, and ubiquitous available bandwidth. This core infrastructure is needed not only for Industry 4.0, but also for all CPS applications, including those related to transport and logistics, agriculture, mining, energy and health.

Kazakhstan can successfully carry out this process of digitalization only if there are sufficient information paths. Thus, Kazakhstan must create the necessary digital infrastructure that meets the requirements of high performance, wide availability and low latency. In order to fulfill this triple task, Kazakhstan must build a fiber gigabit network. This can be achieved by the following measures:

- Kazakhstan must have the necessary regulatory framework in the field of telecommunications. Telecommunication markets and infrastructure must be able to dynamically and efficiently develop in order to remain competitive in the global market. This should, in particular, include flexible approaches in choosing regulatory tools, creating investment incentives for deploying broadband, the appropriate use of the so-called OTT technologies, a minimum level of streamlining consumer rights, supporting and possibly simplifying the current concept of universal service, as well as optimization of institutional structure.

- Future investment fund for gigabit networks in urban and rural areas.

- Gigabit round table with all interested parties: telecommunication service providers, the government of Kazakhstan and local executive bodies, business representatives and associations should develop joint strategies in order to make gigabit networks possible.

- Step-by-step development of the "last mile" with cheap and easily scalable gigabit networks.

- In order to accelerate the increase in the use of gigabit networks, procedures should be simplified, lengthy planning processes should be accelerated, and construction costs should be reduced.

- Internet platforms and intermediaries should be involved in regulation so that the competitive conditions are approximately the same for similar services. The largest online platforms control access to online markets and have a significant impact on the actions of other market participants and their ability to develop. For this reason, it is necessary to create similar conditions for the development of digital networks and innovative services.

- The Cartel Law must also take into account the special characteristics of online markets.

- Legal barriers and other obstacles to international e-commerce should be identified and removed.

- In order to become a global technological leader in the installation of the fourth generation mobile communication network (4G + 5G), the necessary changes must be made to the regulatory base in terms of frequencies.

- Installation of regulatory mechanisms for "experimental spaces" for new technologies and business models. Due to rapid development and breakthrough innovation, it is not enough for the state to wait for the